*The article also examines the causes of the factors contributing to the occurrence of these problems, and suggests a way to eliminate them. The main results of the study are proposals to improve the mechanisms of compliance with the rules of ethics for the promotion of medicines and medical products, elimination of deficiencies in the Code related to the legal status and responsibilities of pharmaceutical workers, consideration of opportunities to increase the salaries of medical workers at the same level in all regions of the country, for all categories of medical workers, regardless of the source of funding.*

***Key words:*** *pharmaceuticals, medicines, promotion of medicines, patient, pharmaceutical workers, medical workers, medical institution, ethical principles.*

**DOI: 10.52026/2788-5291_2022_71_4_101**

## Кіріспе

Фармацевтика өнеркәсібі көптеген жылдардан бері медицинаның дамуының басты қозғаушы күші болып келе жатыр. Жаңадан өндіріліп жатқан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың ауқымы өте кең және әр алуан. Ал осы заттар мен бұйымдардың нарыққа шығуы, яғни оны жылжыту кезеңі бүгінгі күнде ерекше назардағы сұрақтардың біріне айналып отыр. Ілгерілету іс-шаралары жаңа дәрі-дәрмектердің өндірілгені және қолданылуы туралы хабарлау құралы ретінде өте маңызды және науқастардың тиімді емделуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін медицина қызметкерлерінің білімін толықтырады. Алайда, медицина қызметкерлерінің хабардарлығын және медицина саласындағы соңғы жетістіктер туралы білімдерін арттыруға деген қарапайым ниеттің артында, тек табыс табуды көздейтін

ВЕСТНИК ИНСТИТУТА ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И ПРАВОВОЙ ИНФОРМАЦИИ РК № 4 (71)-2022

агрессивті маркетингтік стратегиялардың болмауы маңызды.

Бүгінгі таңда еліміздің нарығында жүзеген фармацевтикалық компаниялар өз тауарларын таратуда. Басым көпшілігі әрине шетелдік компаниялар болып табылады. Ал Қазақстанда 96 кәсіпорын бар, оның 33-і дәрі-дәрмек, 41-і – медициналық мақсаттағы бұйымдар, 22-сі – медициналық техника шығарады. Дәрі-дәрмектің 90 пайызы ең ірі 6 зауыттың, атап айтар болсақ «Химфарм» АҚ, «СП ГлобалФарм», «Нобел АФФ» АҚ, «Ромат», «Нур-Май Фарм» ЖШС, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» секілді кәсіпорындардың үлесіне тиесілі[2].

**Материалдар мен әдістер**

Ақпарат көздері ретінде сараптамалық және талдамалық жарияланымдар және өзге де ашық ақпарат көздері пайдаланылды.

Мақала барысында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 ж. 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі, «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-288/2020 бұйрығы, «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-294/2020 бұйрығы және тағы басқа медициналық бұйымдар мен дәрілік заттардың айналымын реттейтін нормативті актілердің нормалары талқыланды. Шет елдің және еліміздің заңнамаларына салыстырмалы-құқықтық анализ жасалынды. Қабылданған нормалардың іс жүзінде жүзеге асырылуына жан-жақты анализ жасалынды, мәселелер анықталып, заңнаманы жетілдіру мен жағымсыз әсер етуші етіп отырған факторларды жою жолдары ұсынылды.

**Талқылау**

Жалпы әлемдік тәжірибеге сай клиникалық зерттеулерді жүргізу мен фармацевтика қызметін жүзеге асырудың этикалық кодекстері мен заңдары көптеген мемлекеттерде қабылданған, бұл құжаттарды деңгейіне қарай: ғаламдық, ұлттық және жергілікті ретінде бөліп қарастыруға болады. Жаһандық этикалық кодекстерге Дүниежүзілік медициналық қауымдастықтың және Халықаралық ғылыми-медициналық ұйымдар кеңесінің кодекстері жатады. Көптеген мемлекеттер сонымен қатар қазіргі уақытта ұлттық деңгейде науқастарға күтім жасау және зерттеу жүргізумен айналысатын дәрігерлерге арналған этикалық нұсқаулықтарды шығарады. Кейбір мемлекеттер этикалық талаптарды қабылдауда реттеуші уәкілетті органдармен қатар, медицина саласындағы қауымдастықтардың да тікелей араласуына мүмкіндік береді. Мысалы, Ұлыбританияда жалпы медициналық кеңес (реттеуші орган) және британдық медициналық қауымдастық (кәсіподақ) этика бойынша ұсыныстарды береді. Осы елде қабылданған немесе бастама алған нормалар бүкіл әлемдік деңгейде жиі қолданылып жүр[1, 50 б.].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Атқарушы комитетімен қабылданған «Дәрілік заттарды нарыққа шығарудың этикалық өлшемдері» туралы резалюциясы дәрілік заттарды жылжыту этикасын қалыптастыруда мемлекеттерге бағыт беретін негізгі халықаралық құжат деп толық сеніммен айта аламыз. Оның мазмұнында әлем мемлекеттері мойындаған этикалық нормалар жинақталған. Ол құжаттың басты мақсаты әлемде дәрілік заттарды ұтымды пайдалану арқылы медициналық-санитариялық көмекті жақсартуға қолдау көрсету және жәрдемдесу болып табылады. Бұл критерийлер әртүрлі мемлекеттердегі саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағдайларға сәйкес, сондай-ақ білім, ғылым және білім беру саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, үкіметтерге өздерінің ұлттық жүйелеріне енгізе алатын этикалық нормалардың жалпы принциптерін көрсетеді[3].

Қазақстан Республикасында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету құқықтық тұрғыдан бекітілген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексіне сәйкес қауіпсіз, сапалы және тиімді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дәрілік затты немесе медициналық бұйымды әзірлеушіден немесе өндірушіден бастап

---

[2] *«Фармацевтическая промышленность: обзор казахстанского рынка». Публикация из серии аналитических обзоров Единого дистрибьютора ТОО «СК-Фармация» в рамках Национального проекта «Здоровье нации». Пресс-служба ТОО «СК-Фармация». – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://sk-pharmacy.kz/rus/press-centr/smi_o_nas/farmaczevticheskaya-promyishlennost-obzor-kazaxstanskogo-ryinka1 (жүгінген күні: 29.04.2022).*

[3] *Ethical criteria for medicinal drug promotion. World Health Organization, Geneva, 1988. – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: https://apps.who.int/iris/handle/10665/38125 (жүгінген күні: 29.04.2022).*

тұтынушы қолданғанға дейін ілгерілету процесінде жүзеге асырылатын, барлық қатысушы тараптардың адал бәсекелестігі мен жауаптылығына негізделген қызмет дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасы болып табылады. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ұтымды пайдалану мақсатында денсаулық сақтау субъектілері, кәсіптік қауымдастықтардың мүшелері, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының мынадай шарттарын сақтауға міндетті:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды нарыққа ілгерілету қауіпсіз, сапалы және тиімді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қатысты берілетін ақпараттың толықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етуге тиіс;

2) науқастар, фармацевтика және медицина қызметкерлері дәрілік заттар туралы және олардың жанама әсерлері туралы қажетті және қолжетімді ақпарат алуға тиіс;

3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды нарыққа ілгерілету этикалық нормалар сақтала отырып, объективті болуға және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс[4].

Осы Кодекстің аталған нормасын жүзеге асыру мақсатында «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-288/2020 және «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-294/2020 бұйрықтары қабылданған болатын.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары бұзылған жағдайда медициналық немесе фармацевтикалық қызметкерге қатысты да, фармацевтикалық өнеркәсіп субъектісіне қатысты да жауапкершілікке тартумен байланысты тәуекелдер туындайды. Осылайша, жұмыс беруші медицина қызметкеріне ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және еңбек шартын бұзу түрінде тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

Сонымен қатар, фармацевтика өнеркәсібі субъектілеріне қатысты медицина және фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби қызметін жүзеге асыруына кедергі жасау, сол сияқты қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайтын заңсыз әрекеттерді жасау талабынан көрінген олардың кәсіби қызметіне заңсыз араласу жеке тұлғаларға - 30 АЕК мөлшерінде, лауазымды адамдарға - 50 АЕК мөлшерінде, заңды тұлғаларға - 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дәрілік заттар тағайындауға уәкілетті медицина жұмыскерлерінің сыйақы алу мақсатында дәрілік заттар жарнамасына қатысуы, медицина жұмыскерлерінің дәрілік заттарды жұмыс орнында өткізуі, сондай-ақ белгілі бір дәріхана ұйымдарына немесе өзге де ұйым түрлеріне жіберуі және олармен ынтымақтастықтың басқа да нысандары түріндегі әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сондай жауапкершіліктің түрі адамның денсаулығына зиян келтіруге алып келетін жағдайымен дәрілік заттарға белгіленген шекті бағаларды асырып жіберуді қоса алғанда, өткізу қағидаларын, сондай-ақ қолдану (пайдалану), қамтамасыз ету, жою, жарнамалау қағидаларын бұзғаны үшін де қарастырылған[5].

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрық жаңадан қабылданып отырған кодекске негізделетін өзгерістер мен толықтыруларымен шығарылды. Оның мазмұнында бұрын болмаған «жарнамалық аудиоролик», «жарнамалық баннер», «жарнамалық бейнеролик» анықтамалары қосылды.

Сонымен қатар, «Жарнама модулі» анықтамасы толықтырылды, оған сәйкес жарнамалық модуль – ол денсаулық сақтау ұйымдарында таратылатын және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар туралы жарнамалық сипаттағы қағаз жеткізгіште орындалған мәтіндік-графикалық хабарлама (парақшалар, лифлет, басқалар).

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидалары қазақ және орыс тілдерінде жарнаманы міндетті түрде ұсыну және оларды ұтымды қолдануға ықпал ететін дәрілік заттар немесе медициналық бұйымдар ту-

---

[4] *«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 ж. 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360 (жүгінген күні: 29.04.2022).*

[5] *«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 (жүгінген күні: 25.04.2022).*

ралы толық шынайы мәліметтердің мазмұны бөлігінде толықтырылды. Жаңа талапқа сәйкес жарнама жарнамаланатын дәрілердің фармакологиялық қасиеттері мен емдік көрсеткіштерін асыра көрсетпеуі керек[6].

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтың жаңалығына келетін болсақ, дәрілік заттар айналысы саласындағы «объектілер» анықтамасына толықтыру енгізілді. Енді мұндай нысандарға интернет арқылы сатылатын дәріханалар да жатқызылуда. Ал «науқас» анықтамасы енді науқас оның ауруының болуына, не болмауына немесе медициналық көмек көрсетуді талап ететін жай-күйіне қарамастан, медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке тұлға болып табылатындығымен толықтырылды.

Жаңадан «дәрілік заттарды өндірушінің уәкілетті тұлғасы», «медицина қызметкері» анықтамалары берілді.

Енді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндірісі саласындағы субъектілердің денсаулық сақтау субъектілерімен және кәсіби қауымдастықтар мүшелерімен өзара іс-қимылы кезінде мақсатты қаржыландыруға, ғылыми-медициналық зерттеулерге гранттар беруге, біліктілікті арттыру курстарында оқытуға, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, медициналық қызметтерді сатып алуға, қайырымдылық жарналар беруге жол берілмейтінін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, фармацевтикалық индустрия мен нарықтың жұмыс істеуінің әртүрлі аспектілерін зерттеуге және талдауға бағытталған фармацевтикалық қызметкерлер арасында маркетингтік зерттеулер жүргізуге болады. Бұдан басқа, өндірушілер және дистрибьюторлар өкілдерінің бөлшек саудада өткізу объектілерінің фармацевтикалық жұмыскерлерімен өзара іс-қимылы кезінде маркетингтік зерттеулер жүргізуге жол берілді[7].

2020 жылғы реформалар фармацевтика саласын жаңа ережелерге бағындыра отырып, дамудың жаңа мүмкіндіктерін ұсыну мақсатында жасалынды деуге болады. Өзгерістер тізбегі науқастың, яғни өнімді тұтынушының құқықтарын қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру үшін қажет болды.

Алайда, Қазақстанда үлкен мәселе тудыратын нәрсе ол – заңдардың іс жүзінде жүзеге асуы мәселесі. Еліміздің көптеген бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан реформалардың әлсіз жүзеге асуының негізгі себептерінің бірі, ал фармацевтика саласында ең басты себебі ол қабылданып жатқан нормативті құқықтық актілердің өз мақсатына іс жүзінде жетпеуі. Науқастың тұтынушы ретінде құқықтарын қорғау механизмдері өзгеріссіз деңгейде қалып отырғанын мойындауымыз қажет. Бұл сұрақ өте маңызды, себебі соңғы жылдарда денсаулық сақтау саласында жүргізіліп келе жатқан реформалардың басты мақсаты ол науқастың құқықтарын жетілдіру, қызмет көрсету сапасын жоғарылату, сапалы дәрілік заттарға қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мәселенің күрделісі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету кезінде тыйым салынған әрекеттер мен тәсілдердің төңірегінде болып отыр. Заңнамаға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің өзара іс-қимылы кезінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының бұзушылығына мыналарды жатқызады:

1) белгілі бір дәрілік заттарды тағайындағаны және өткізгені үшін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне қаржылай сыйақыларды беру немесе материалдық немесе материалдық емес сипаттағы кез келген басқа да ынталандыруларды ұсыну;

2) ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асырумен байланысты ақы төлеуді қоспағанда, ойын-сауық, демалыс, демалыс орнына бару жолына ақы төлеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған биомедициналық, клиникалық-экономикалық, эпидемиологиялық және басқа да зерттеу түрлерін жүргізу туралы жазбаша ресми шарттарды, сондай-ақ жүргізілетін маркетингтік зерттеулерге қатысу туралы шарттарды қоспағанда, материалдық пайда алу мақсатында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды пациенттерге тағайындау немесе ұсыну бойынша келісімдер жасасу, акциялар ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасының заңна-

---

[6] *«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-288/2020 бұйрығы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021872 (жүгінген күні: 26.04.2022).*

[7] *«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-294/2020 бұйрығы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021870 (жүгінген күні: 06.05.2022).*

масымен тыйым салынбаған жағдайларды қоспағанда, пациенттерге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлгілерін беру;

5) жарнамалық сипаттағы ақпараты бар бланктерде, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың атаулары алдын ала басылған рецептуралық бланктерде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жазып беруге түрткі болу;

6) дәріханалық ұйымдардың басшылары мен фармацевтика қызметкерлеріне сатудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізгені үшін мүліктік және мүліктік емес сый-сияпат, сыйлықтар ұсынылатын бағдарламаларды ұйымдастыру[8].

Жоғарыда аталған ілгерілету этикасының бұзушылықтары өкінішке орай еліміздің медициналық мекемелері мен дәріханаларында жиі кездесіп тұрады. Дәрілік заттарды тағайындағаны және өткізгені үшін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне қаржылай сыйақыларды беру немесе материалдық сипаттағы бонустық жүйелер, конференция өткізу сылтауымен медициналық қызметкерлерді қымбат мейрамханаларда тамақтандыру мен сыйлықтар тарату, медицина қызметкерлерін қызметтік киімдер немесе медициналық заттарды сыйға тарту арқылы ынталандыру секілді әдістер мен амалдар кеңінен қолданылуда. Кеңсе заттарын тарату мен мерекелермен «материалдық» құттықтаулар, медициналық бұйымдардың үлгілерін беру әрекеттерін де осы қатарға қосуға болады.

Ғылыми мақалада көтеріліп отырған мәселенің негізгі өзектілігі де осы жерде, яғни қабылданып жатқан заңдардың іс жүзінде өз мақсатына жетпеуі. 2020 жылы қабылданған құжаттар дәрілік заттарды ілгерілету этикасының бұзушылықтарын азайтуға өз көмегін тигізе алмады. Жылдар бойы қалыптасып қалған жүйе өз қызметін әрі қарай атқаруда. Әрине, атап өту керек, соңғы екі жылда фирманың атауы мен эмблемалары бар медициналық киімдерді медициналық қызметкерлердің үстінен азырақ көретін болдық, медициналық құралдарды да фармацевтикалық өндірушілердің атауынсыз тарататылатын болған. Алайда, бұл азын-аулақ өзгерістер қаншалықты жағдайды өзгертеді деген орынды сұрақ туындайды.

Фармацевтика қызметкерлері медициналық мекемелерде өздерін еркін ұстайды, медициналық қызметкерлермен жұмыс жасауда олардан немесе мекеме басшыларынан үлкен бір қарсылық кездестірмейді және осындай еркіндік оларға этикалық талаптарға үстіртін қарауға мүмкіндік беруде. Қазақстан Республикасы халықаралық фармацевтикалық өндірушілер қауымдастығының президенті В.Н. Локшин «GLOBAL PHARM» Халықаралық фармацевтикалық форумында сөйлеген сөзінде: «фармацевтика саласындағы мәселелердің бірі ретінде осы дәрілік заттарды ілгерілету кезіндегі этикалық талаптардың сақталмауын да атап өткен» [2]. Маманның пікірінше елімізде фармацевтика нарығының қатысушыларының барлығы бірдей этикалық талаптарды сақтай бермейді.

Мәселенің туындауына себептердің бірі ретінде фармацевтика қызметін құқықтық реттеудегі мәселелер де болуы мүмкін. Фармацевтика қызметкерлерінің еңбек туралы заңнамасындағы кейбір кемшіліктерін зерттеуге арнаған мақаласында К.Б. Олжабаева осы сұрақтарды кеңінен қарастырған. Автор өз мақаласында фармацевтикалық қызмет мәселелері бойынша «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіндегі бірнеше олқылықтарды анықтаған, олар:

а) «фармацевтикалық қызметкерлер» ұғымына өте қысқа анықтама берілді, оған фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды жатқызады. Осы анықтама жоғары немесе орта медициналық білімі, сондай-ақ маман сертификаты және дәрілік препараттарды бөлшек саудада сату бөлігінде қосымша кәсіптік білімі бар адамдардың дәрілік заттардың айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру жөніндегі еңбек міндеттерінің мәнін ашпайды;

б) фармацевтикалық қызметкерлердің міндеттері және оларға қойылған шектеулер үстірт баяндалған, атап айтқанда, мынадай аса маңызды міндеттер жоқ: фармацевтің кәсіби құпиясын сақтау; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жарнамалауға қатыспау; пациенттерге өз қызметтері үшін пайда алуға жеке мүдделілік мақсатында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бөлшек саудада өткізудің нақты объектілерін ұсынбау; фармацевтің кәсіби құпиясын сақтау; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ғылыми-практикалық конференциялардан басқа осы құралдар мен бұйымдарды өндірушілердің қатысуымен

[8] *«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-294/2020 бұйрығы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021870 (жүгінген күні: 06.05.2022).*

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жылжыту және т. б.;

в) кодекс фармацевтикалық қызмет, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысына арналған бөлімінде осы субъектілердің түрлерін нақтыламай, оның орнына «дәрілік заттар айналысы саласындағы субъектілер» деген сөз тіркесі жиі қолданылады, бұл «фармацевт» және «провизор», «клиникалық провизор» және «клиникалық фармаколог» сияқты ұғымдардың араласуына әкеп соқты.

Автордың пікірімен келіспеуге болмайды, аталған заңдағы кемшіліктер әсіресе біз қарастырып отырған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету кезіндегі этикалық нормалардың сақталуына байланысты сұрақтарға тікелей әсері болуы мүмкін [3, 142 б.].

Көтеріліп отырған мәселенің туындауына түрткі болып отырған тағы бір себебі ол – медицина қызметкерлерінің оңай материалдық «ынталандырылуы». Себебі жалақы төмен, өкінішке орай еліміздегі медицина қызмекерлерінің жалақысы әлі төмен деңгейде және ол сұрақ соңғы жылдары белсенді талқыланғанымен түбегейлі шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі.

Медицина қызметкерлерінің жалақылары еліміз бойынша әр түрлі. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсында жарияланған Қазақстанның денсаулық сақтау қызметінің 2021 жыл қорытындысына арнап ұсынған ақпаратқа сүйенсек еліміздегі медицина қызметкерлерінің жалақысына байланысты ақпарат келесідей:

- дәрігердің орташа жалақысы 2020 жылы 189,3 мың теңгені құраған, 246,1 мың теңгеге дейін немесе 30% өскен;
- 2021 жылы 320 мың теңгеге дейін немесе 30% өскен;
- 2022 жылы өсім 415,9 мың теңгені немесе 30%-ды құраған.

Жалақының өсуі 173 мыңнан астам орта медициналық персоналды, оның ішінде жедел медициналық көмек фельдшерлері де бар, қамту 100%-ды құраған.

Орта медициналық персоналдың орташа жалақысы 2020 жылы 120,5 мың теңгені құраған, 144,6 мың теңгеге дейін немесе 20% өскен;

- 2021 жылы 173,5 мың теңгеге дейін немесе 20% өскен;
- 2022 жылы 208 мың теңгеге дейін немесе 20% өскен.

Сонымен қатар «ТМККК аясында және ММС жүйесінде қаржыландырылатын денсаулық сақтау субъектілері шығыстарға медициналық қызметтерге тарифтерді ұлғайту арқылы жетті. Осы бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр және 2023 жылға қарай дәрігердің орташа жалақысын 531 мың теңгеге дейін, орта медицина қызметкерінің жалақысын 249 мың теңгеге дейін арттыру жоспарлануда» деп баяндалады[9].

Жасыратыны жоқ, жоғарыда аталған жалақы мөлшері шын мәнінде еліміздің барлық өңірлерінде бар дегенге үлкен күмән бар. Мемлекеттік аурухананалардағы жалақы, оның ішінде әсіресе жас мамандардың жалақысы аталған көрсеткіштерден әлдеқайда төмен. Осы жағдай да дәрілік заттарды ілгерілету этикасының қағидаларының бұзылуына себеп болып отыр деген пікірдеміз.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша шетелдік ғалымдар науқастар мен халықтың - дәрі-дәрмектерді пайдаланушылардың қажеттіліктері дәрі-дәрмектерді қолдану шешімдерінің орталығында болуын қамтамасыз ету үшін жоғары сапалы тәуелсіз ақпаратқа қол жетімділік және дәрі-дәрмектерді жылжытуды қатаң реттеу қажет деген пікірде. Бұған ұлттық үкіметтердің өз нарықтарын кеңейтудегі ұлттық және халықаралық өнеркәсіптің қажеттіліктеріне емес, азаматтардың денсаулық сақтау қажеттіліктеріне басымдық беруін қамтамасыз ету үшін саяси ерік-жігер болған кезде ғана қол жеткізуге болады. Денсаулыққа пайдасы мен экономикалық тиімділігін арттыру үшін дәрі-дәрмектерді қолдануды жақсырақ басқаруға ұмтылатын ұлттық үкіметтер үшін дәрі-дәрмектерге қатысты кең ұлттық саясатқа сәйкес келетін дәрі-дәрмектерді ұтымды пайдалануды алға жылжытудың екі қосымша тәсілі қажет. Біріншіден, фармацевтикалық дәрі-дәрмектерді жылжытуды реттеуді жақсарту дәрі-дәрмектерді ұтымды пайдалануды ілгерілетудің қажетті шарты болып табылады. Олар фармацевтикалық дәрі-дәрмектерді жылжытудың тікелей және жасырын немесе жанама түрлеріне, соның ішінде тәжірибелі клиницистердің пікірлерін негізгі көшбасшы пікір ретінде пайдалануға қатысты болуы керек. Екіншіден, медициналық қызмет көрсетуге интеграциялануы тиіс мемлекет қаржыландыратын, тәуелсіз және коммерциялық емес ақпаратқа қажеттілік бар [4, 1168 б.].

[9] *«Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне шолу: 2021 жылдың қорытындылары». Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://primeminister.kz/kz/news/reviews/kazakstannyn-densaulyk-saktau-zhuyesine-sholu-2021-zhyldyn-korytyndylary-1932917 (жүгінген күні: 10.05.2022).*

**Нәтижелер**

Мақалада көтерілген мәселенің шешілуі келесі нәтижелерге қол жеткізгенде мүмкін деп санаймыз:

- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларының сақталу механизмдерін жетілдіру қажет. Бекітілген қағидалар мен тыйым салынған іс-әрекеттер тізімі заңдарда жеткілікті көлемде қарастырылған, алайда жүзеге асырылуы, сақталуын бақылау немесе талаптардың орындалуын қадағалау механизмдері жұмыс істемейді, тиісінше қайта қарауды қажет етеді;
- мақала барысында қарастырылған К.Б. Олжабаеваның «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіндегі фармацевтика қызметкерлердің құқықтық жағдайы мен міндеттеріне байланысты кодекстегі кемшіліктер туралы автордың пікірімен келісеміз және кодекстің осы бөлігін жетілдіру қажет деп санаймыз;
- медицина қызмекерлерінің жалақысын көтеру қажет: қаржыландыру көзіне қарамастан медициналық қызметкерлердің барлық санаттары, еліміздің барлық өңірлерінде бірдей кем дегенде мемлекетіміздегі орташы жалақы мөлшері деңгейіне жетуі тиіс.

**Қорытынды**

Мақала барысында көтерілген мәселелер бойынша сыни көзқарастың болуы орынды деп санаймыз. Себебі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасының қағидаларының жиі бұзылуы тікелей науқастың құқықтарының бұзылуына әкеліп соғуда. Сондықтан, осы бағыт бойынша заңнаманы жетілдіру, этика қағидалардың орындалуын қамтамасыз ету механизмдерін қайта қарау және өзге де кері әсер ететін факторлардың жойылуы аса маңызды.

Талқыланған көзқарастар мен пікірлердің барлығы маңызды. Дәрі-дәрмектерді жылжытудың отандық ережелерінің тиісті жұмыс атқаруы үшін әрқайсысы ескерілуі қажет деп санаймыз. Еліміздегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету қызметін тиісті деңгейге көтеру, ашықтығын қамтамасыз ету науқастың құқықтарын жетілдіру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


*1. Thomas Morris, Joshua M. Brostoff, Peter David Stonier and Alan Boyd. Evolution of Ethical Principles in the Practice of Pharmaceutical Medicine From a UK Perspective. // Frontiers in Phormacology. January, 2020. 49-54б.*

*2. В. Локшин. Условия работы на казахстанском фармацевтическом рынке меняются // Сетевое издание «Фармацевтическое обозрение Казахстана». – 28 октября 2021. Айналыс режимі: https://pharm.reviews/stati/sobytiya/item/6855-v-lokshin-usloviya-raboty-na-kazakhstanskom-farmatsevticheskom-rynke-menyayutsya (жүгінген күні: 13.05.2022).*

*3. Олжабаева К.Б. Некоторые дефекты законодательства о труде медицинских и фармацевтических работников и пути их устранения. // Научно-правовой журнал «Института законодательства и правовой информации. - №1 (68)-2022. 138-146 с.*

*4. Teresa Leonardo Alves, Joel Lexchin, Barbara Mintzes. Medicines Information and the Regulation of the Promotion of Pharmaceuticals. // Sci Eng Ethics (2019) 25. 1167–1192 б.*


## REFERENCES


*1. Thomas Morris, Joshua M. Brostoff, Peter David Stonier and Alan Boyd. Evolution of Ethical Principles in the Practice of Pharmaceutical Medicine From a UK Perspective. // Frontiers in Phormacology. January, 2020. 49-54b.*

*2. V. Lokshin. Usloviya raboty na kazakhstanskom farmatsevticheskom rynke menyayut·sya // Setevoye izdaniye «Farmatsevticheskoye obozreniye Kazakhstana». – 28 oktyabrya 2021. Aynalys rezhimí: https://pharm.reviews/stati/sobytiya/item/6855-v-lokshin-usloviya-raboty-na-kazakhstanskom-farmatsevticheskom-rynke-menyayutsya (zhүgíngen kүní: 13.05.2022).*

*3. Olzhabayeva K.B. Nekotoryye defekty zakonodatel'stva o trude meditsinskikh i farmatsevticheskikh rabotnikov i puti ikh ustraneniya. // Nauchno-pravovoy zhurnal «Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii. - №1 (68)-2022. 138-146 s.*

*4. Teresa Leonardo Alves, Joel Lexchin, Barbara Mintzes. Medicines Information and the Regulation of the Promotion of Pharmaceuticals. // Sci Eng Ethics (2019) 25. 1167–1192 b.*